

Уәкілетті органның басқа телекоммуникация желілерін басым байланыс операторының жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілеріне қосу қызметтерін көрсету шарттарын, сондай-ақ желілердің өзара іс-әрекет етуі және трафикті өткізу жөніндегі онымен байланысты міндеттемелерді айқындайтын қосылу шартын бекіту ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 қазандағы N 996 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 мамырдағы N 709 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.05.14. N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.26 N 497 Қаулысымен.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңы 26-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Уәкілетті органның басқа телекоммуникация желілерін басым байланыс операторының жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілеріне қосу қызметтерін көрсету шарттарын, сондай-ақ желілердің өзара іс-әрекет етуі және трафикті өткізу жөніндегі онымен байланысты міндеттемелерді айқындайтын қосылу шартын бекіту ережесі б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.26 N 497 Қаулысымен.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6                      ж ы л ғ ы

1 6                      қ а з а н д а ғ ы

N                      9 9 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Ереженің тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.26 N 497 Қаулысымен.

**Уәкілетті органның басқа телекоммуникация желілерін басым байланыс операторының жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілеріне қосу қызметтерін көрсету шарттарын, сондай-ақ желілердің өзара іс-әрекет етуі және трафикті өткізу жөніндегі онымен байланысты міндеттемелерді айқындайтын қосылу шартын бекіту ережесі туралы 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақпараттандыру және байланыс саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) басқа телекоммуникация желілерін басым байланыс операторының жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілеріне қосу қызметтерін көрсету шарттарын, сондай-ақ желілердің өзара іс-әрекет етуі және трафикті өткізу жөніндегі онымен байланысты міндеттемелерді айқындайтын қосылу шартын бекіту ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына (бұдан әрі - заңдар) сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.26 N 497 Қаулысымен.**

2. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар мен терминдер заңдарда айқындалатын мағыналарда пайдаланылады.

## **2. Қосу шартын бекіту тәртібі**

3. Басым байланыс операторы кез келген байланыс операторымен жария болып табылатын қосу шартын жасағаннан кейін, жасалған күнінен бастап бес күнтізбелік күн ішінде оны уәкілетті органға бекітуге ұсынады.

4. Басым байланыс операторы ұсынған қосу шартын уәкілетті орган қосу шартын алған күнінен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде қарайды.

5. Қосу шарты Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган басым байланыс операторына оларды жою жөніндегі ескертулері мен ұсыныстарын жібереді.

6. Басым байланыс операторы тиісті ескертулер мен ұсыныстарды алған күнінен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды және қосу шартын уәкілетті органға қарау үшін қайта енгізеді.

7. Уәкілетті орган қосу шартын алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оны бекіту туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

### **3. Қорытынды ережелер**

8. Осы Ереженің шеңберінде уәкілетті орган мен басым байланыс операторының арасындағы келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК